

Республика тауар өндірушілерінің мемлекеттік ресурстардың астығы бойынша берешектерін өтеуін қамтамасыз ету жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1199

Республика тауар өндірушілерінің 1994-1997 жылдары мемлекеттік ресурстардан берілген астық қарызы бойынша, сондай-ақ "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамы мен Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт корпорациясының вексельдеріне мемлекеттік ресурстарға астық өткізу жөніндегі берешектерін сөзсіз өтеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда тауар өндірушілердің мемлекеттік ресурстардың астығы бойынша берешегін өтеуіне бақылау жасау жөніндегі Республикалық жедел комиссия құрылсын.

2. Облыстардың және аудандардың әкімдері бір апталық мерзім ішінде тауар өндірушілердің вексельдік бағдарламалар бойынша берешекті қоса алғандағы мемлекеттік ресурстардың астығы бойынша берешектерін өтеуін бақылау жөніндегі облыстық және аудандық жедел комиссиялар құрсын және оларға жеке өздері басшылық жасасын.

3. Жедел комиссиялардың жұмысын материалдық-техникалық қолдауды " Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) жүзеге асырады деп белгіленсін.

4. Корпорация мемлекеттік ресурстардың астығы бойынша берешектердің есебінен тапсырылған 1997 жылдың өнімі астығын балансқа қабылдасын.

5. Корпорацияға:

тауар өндірушілердің мемлекеттік ресурстардың астығы бойынша берешектерін өтеуін талап ету;

мемлекеттік ресурстарға берешектерді өтеудің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісім бойынша Корпорация мен Қаржы министрлігі айқындаған тәртіппен қабылданған астықтың 10 процентіне дейін облыстар әкімдерінің билігіне ресімдеу құқығы берілсін.

6. Тауар өндірушілердің мемлекеттік ресурстардың астығы бойынша

берешектерін өтеуіне бақылау жасау жөніндегі Республикалық жедел комиссия бұқаралық ақпарат құралдарында облыстар мен аудандардың тауар өндірушілерінің астық берешектерін мемлекеттік ресурстарға қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындауының барысын жариялап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 31 шілдедегі
N 1199 қаулысына
қосымша

Тауар өндірушілердің мемлекеттік ресурстардың
астығы бойынша берешегін өтеуіне бақылау
жасау жөніндегі республикалық жедел комиссияның
ҚҰРАМЫ

- Есімов А.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің бірінші орынбасары,
комиссия төрағасы
- Павлов А.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары, Қаржы
министрі, комиссия төрағасының
орынбасары
- Смағұлов Н.Е. - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің кеңесшісі, комиссия
төрағасының орынбасары
- Қасымов А.К. - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің Кеңесі Басшысының
орынбасары, бөлім меңгерушісі,
комиссия мүшесі
- Отаров К.М. - Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің орынбасары,
комиссия мүшесі
- Есімханов К.Е. - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы"
жабық акционерлік қоғамының вице-

президенті, комиссия хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК